

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы-Ректор м.у.а

К. Ә Нурманбетов

2024ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М02211-Философия

Тіркеу номері	7М02200086
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7М02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7М022-Гуманитарлық ғылымдар
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	М050 Философия және этика
БББ түрі	Жаңа
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	КОЛЫ
Спанов М. Ж.	КЕАҚ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, философия ғылымының кандидаты, «Философия» кафедрасының меңгерушісі.	
Тұмашбай Т.Е.	КЕАҚ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Философия» кафедрасының аға оқытушысы, Р.Н.Д.	
Кенжебек М.А.	ЮМ-21-6к тобының студенті	
Келісілген		
Тулегенов Б.	Аманат саяси партиясының Шымкент қалалық филиалының атқарушы хатшысы м.а.	
Исабек Б.Қ.	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры, т.ғ.к., доцент.	
Атымтаева А.С.	Шымкент қалалық Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бастығы орынбасары	
Алибек С.Н.	КЕАҚ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің қолбасшының директоры, т.ғ.д., профессор	
Тлеубаев С.Ш.	Саз колледжінің директоры, ф.ғ.д.	

Білім беру бағдарламасы Заң факультетінің академиялық комитет мәжілісінде қаралды.

« 13 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

АК (комитет) төрағасы Нуртаев Е.К.

« _____ » _____ 2024ж. № _____ хаттама.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« _____ » _____ 2024ж. № _____ хаттама.

ОӘК төрағасы Сарықұлов Қ.Р.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« _____ » _____ 2024ж. № _____ хаттама.

МАЗМҰНЫ

1. Білім беру бағдарламасының концепциясы
2. Білім беру бағдарламасының паспорты
3. БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері
- 3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы
4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы
5. Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте
6. Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау
7. БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету
Келісу парағы
Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі
Қосымша 2. Эксперттік қорытынды
Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау.
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> – ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір; – шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады; – академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет; – серіктестік – барлығы жеңіске жетететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру; – әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> – пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту; – ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; – зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект; – кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік; – жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	бағдарлама жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атласына сәйкес әзірленді және құрылымдық кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруға және басқаруға, кәсіби қызметтің мақсаттарын дербес айқындауға, оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдауға және негіздеуге қабілетті көліктік-логистикалық және ғылыми-педагогикалық құрылымдар үшін компетентті мамандарды даярлауға бағытталған.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <p>Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы); Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы); «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту туралы (14.07.2022ж. №144-нқ бұйрығы).</p>
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007ж. №319-III; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі; 5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы. 6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.

	7.Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы №45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.
Білім беру процесін ұйымдастыру	Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру; Білімалушыға бағытталған оқыту; Қол жетімділік; Инклюзивтілік.
БББ сапасын қамтамасыз ету	Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі; ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту; жүйелі мониторинг; Мазмұн өзектілігі (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 600 бұйрығына сәйкес орнатылған
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Философияның теориясы мен методологиясы саласында ғылыми-педагогикалық білімдерге ие магистрлерді даярлау. Философия саласындағы эксперттік талдаулық жұмысқа маманданушы, қоғамның жаңғыруының философиялық-мәдениеттанулық тенденцияларын зерттеуші ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.
БББ міндеттері	<p>- дамудың жоғары интеллектуалды деңгейін игеру, ғылыми және педагогикалық қызметтегі ғылыми ұйымдастыру жұмыстарының логикалық және сыни ойлау дағдыларын игеру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;</p> <p>- магистранттарда өмір бойы оқу бойынша дағдыларды қалыптастыру, кәсіптік ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу үшін бағыттау;</p> <p>- ғылыми, басқарушылық және педагогикалық міндеттерді шешуге, проблемалық жағдайларда жедел шешімдер қабылдау үшін кәсіби қызметте алынған білімді пайдалану қабілетін дамыту;</p> <p>- мамандық бойынша жедел жұмысқа орналасу немесе докторантурада білім алуды қамтамасыз ету үшін философия саласындағы бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру.</p> <p>- қазіргі заманғы философияда магистранттардың терең білім алуын қамтамасыз ету.</p>
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • Dublin Descriptors 7 -шы біліктілік деңгейі; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	7M02211 - «Философия» БББ гуманитарлық ғылымдардың магистрлерін дайындауда классикалық философия мен қазіргі заманғы философияның ғылыми тұжырымдарын қолдану арқылы біртұтас жүйелік ғылыми дүниетанымдық көзқарасқа негізделген білім беру үдерісін қамтамасыз етуімен; білім берудің инновациялық сипатын, жоғары кәсіби деңгей мен ғылыми зерттеулердің сапасын қамтамасыз етуімен ерекшеленеді. БББ кәсіби басшылар мен мамандарды, философия саласындағы оқытушыларды дайындауға бағытталған; бітірушілерге гуманитарлық ғылымдар магистрінің құзыреттілігін, ерекше ойлау қабілетін және оңтайлы шешімдерді табу бойынша қабілеттіліктерді қамтамасыз етеді.
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M02211-Философия» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Берілген білім беру бағдарламасын бітірушіге 7M02211 - «Философия» БББ бойынша «гуманитарлық ғылымдар магистрі» дәрежесі беріледі. «Қазіргі заманғы философия» БББ бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрлері, «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м Бұйрығына және «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқармасының төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығы сәйкес, жоғары оқу орындарында оқытушы, ғылыми-зерттеу мекемелерінде сарапшы немесе кіші ғылыми қызметкер, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында, қоғамдық ұйымдарда сарапшы, маман немесе аналитик лауазымын атқара алады.
Кәсіби қызмет саласы	Философ–магистр, маман кәсіптік қызметі ретінде ғылыми-зерттеулік институттар, жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары танылады.
Кәсіби қызмет нысандары	Бітірушілердің кәсіптік қызметінің объектілері: жоғарғы оқу орындары, ғылым саласында философиялық, қолданбалы зерттеумен айналысатын

	ғылыми-зерттеу институттары және аналитикалық орталықтар, қорлар, аудан, қала, облыстық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік билік және басқару органдары; қоғамдық ұйымдар және қозғалыстар, үкіметтік емес ұйымдар, философиялық мәселелерді шешумен айналысатын академиялық ұйымдар.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> -ғылыми дүниетанымды қалыптастыру мен ойлау мәдениетін дамытуды; -классикалық және қазіргі заманғы философиядағы мәселелер мен бағыттарды әдіснамалық талдауды; -философияның негізгі сұрақтарының онтологиялық және гносеологиялық аспектілерін; -әлеуметтік-мәдени үрдістерді және құбылыстарды ғылыми зерттелулерді; -қазіргі заманғы философия сферасында зерттеулік және тәжірбиелік жоспалауды; -идеологиялық жұмысты ұйымдастыруды және қоғамдық сана формаларын модернизациялауды; -қоғамның азаматтық мәдениетін және құқықтық, діни санасезімін қалыптастыруды; - бейіндік пәндерді оқытуды көздейді.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> -мемлекеттік билік пен басқару органдарында ұйымдастырушылық, басқару іс-әрекеттілігін; -саяси партиялардың, қоғамдық қорлардың, бірлестіктердің және қозғалыстардың, үкіметтік емес ұйымдардың аппараттарында эксперттік, кеңес беру іс-әрекеттілігін; -қоғамдық іс-шараларды, әлеуметтік консультация және болжауды ұйымдастырумен айналысатын агенттіктерде кәсіби қызметін; -аналитикалық және ғылыми зерттеулік орталықтармен институттарда дайындау бағыты бойынша ғылыми зерттеулермен; -білім беру сферасында (жоғары мектепте) дайындау бағыты бойынша оқытушылық қызметпен айналысады және жүргізеді.
Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерді тиімді қолдануды, шетел тілдерінде кәсіби деңгейде, ғылым методологиясын, басқару психологиясы әдістерін еркін меңгеруді көрсете білуі;</p> <p>ОН2 жоғары оқу орындарындағы ғылыми және педагогикалық іс-әрекеттілікті қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдануды түсінуімен пайымдауды қалыптастыру үшін ақпараттарды жинақтау және интерпретациялауды жүзеге асыра алуы, ғылыми қауымдастыққа түпнұсқалық ойларын академиялық мәдениет пен адалдық көрсету арқылы хабарлай білуі;</p> <p>ОН3 жаңа ортада мәселелерді шешу үшін өзінің білімдерін, түсінуді және қабілеттерін және онтологиялық, мәдениеттанулық, оның ішінде пәнаралық сипаттағы мәселелерді талдау негізінде түрлі жағдайлардағы зерттеулік міндеттерді шешуді кәсіби деңгейде қолдана алуы;</p> <p>ОН4 әлемдік мәдениетті дамытудың шығармашылық процесін пайдалана отырып, философиялық ойлау стильдерін талдаудың, сараптаудың және бағалаудың негізгі әдістерін, әлеуметтік жобаларды басқару нысандары мен әдістерін қолдануға;</p> <p>ОН5 инновациялық және креативті ойлаудың, сандық гуманитаристиканың, тілдің және қазақ мәдениетінің архетиптерінің ойларын, қорытындыларын, мәселелері мен шешімдерін синтездей алуы;</p> <p>ОН 6 дін, қазіргі заманғы философия және техника философиясы саласындағы процестер мен құбылыстарды зерттеудің қазіргі тұжырымдамаларын, теориялары мен тәсілдерін сыни тұрғыдан талдай отырып, танымның ғылыми әдістерінің дамып келе жатқан білімі мен түсінігін көрсету;</p> <p>ОН7 гуманитарлық сферада, аксиологияда, эпистемологияда дербес ғылыми зерттеулерді ұйымдастыра және жоспарлай білуі;</p> <p>ОН 8 социо-гуманитарлық және философиялық зерттеулерде өз таңдауын негіздеуі және методологиялық құралдарды қолдануы;</p> <p>ОН9 қоғам мен мемлекеттің өзекті мәселелерін шешу үшін герменевтика, феноменология, компоративистика, антропология әдістерін қолдану арқылы философия саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу;</p>

3. ББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

Жалпы құзыреттіліктер (SOFT SKILLS): Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, транстәртіптілік, кроссфункционалдылық)	ЖҚ 1.1 Өзіндік кәсіби және тұлғалық даму міндеттерін шеше білу қабілеті; ЖҚ 1.2 Логикалық ойлауды шешімдер қабылдау үшін және оны жүзеге асыру үшін қолдану қабілеті.
Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2 Шет тіліндегі ғылыми коммуникация және ғылыми, кәсіби іс-әрекеттілікте компетентті қарым-қатынас дағдыларына ие болу қабілеті.
Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	ЖҚ 3 Ғылыми мәліметтерді, коммуникациялар мен алмасуды математикалық талдау үшін ақпараттық технологияларды кәсіби қолдану қабілеті.
Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4 Ақпараттық компьютерлік технологиялар негізінде оның шекарасын, мүмкіндіктерін тұрақты кеңейту арқылы пәндік саласында өнімді іс-әрекеттілік қабілеті.
Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ 5.1 Қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер, мәселелер және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы перспективасын креативті талдау мен бағалау қабілеті; ЖҚ 5.2 әлеуметтік сферамен кәсіби іс-әрекеттілікте кең өзгерістердің жүзеге асуында идеяларды генерациялау, инновациялық іс-әрекеттілік нәтижелерін болжау қабілеті.
Кәсіпкерлік құзыреттіліктері	ЖҚ 6.1 Креативті және кәсіпкерлік командаларды дамыту, басқару шешімдерін жүзеге асыруға дайын болуы, нарықтық экономика ерекшеліктерін, экономикадағы мемлекеттің ролін салалы түсіну негізінде, ұйымның мүдделеріне сәйкес кәсіптік мәселелерді шешу қабілеті; ЖҚ 6.2 Күрделі өндірістік үрдістерді және тәуекел мен анықсыздық шарттарында шешім қабылдаумен байланысты ғылыми жобаларды басқару қабілеті.
Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	ЖҚ 7 Әлеуметтік жауапкершілікті ұғыну және ғылыми жұмыс пен бизнесте мінез-құлықтың өркениеттік этикалық нормаларына тиістілікті көрсету қабілеті.
Кәсіптік құзыреттіліктер (HARD SKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер	КҚ1. Оқытудың көптеген түрлерін қолдана білу, оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық инновациялық технологияларын қолдану қабілеті;
	КҚ2. Мәдени мұра аспектілерінің философияға ықпалын түсіндіру және оларды қоғамның қазіргі заманғы өміріне, философияның өзекті мәселелерін шешуге интеграциялай алу қабілеті;
	КҚ3. Қазіргі заманғы философиямен мәдениеттің үрдістеріне бағытталу және ғылыми стильдердің тарихи даму тенденцияларын, заңдылықтарын түсіндіре алу қабілеті;
	КҚ4. Аксиология мен гуманитарлық ғылымдарды талдаудың, оның құрудың негізгі әдістерінің заңдылықтарын түсінуін көрсете алуы қабілеті;
	КҚ5. Білім берудегі сандық контентті білім алушыларды тиімді тәрбиелік және ғылыми міндеттерге қатыстыра алу қабілеті;
	КҚ6. Философия, феноменология және герменевтика салаларындағы ғылыми зерттеулердің қорытындыларын толықтыру және сыни талдау негізінде зерттеулерді жүргізе алу қабілеті.

3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
ЖҚ 1	+		+	+		+		+	
ЖҚ 2		+		+		+		+	
ЖҚ 3	+	+		+		+		+	
ЖҚ 4	+		+	+	+	+		+	
ЖҚ 5	+		+	+	+	+		+	
ЖҚ 6	+		+	+	+	+		+	
ЖҚ 7	+		+	+	+	+		+	
КҚ 1	+		+	+	+	+	+	+	+
КҚ 2	+		+	+	+	+	+	+	+
КҚ 3	+		+	+	+	+	+	+	+
КҚ 4	+		+	+	+	+	+	+	+
КҚ 5	+		+	+	+	+	+	+	+
КҚ 6	+		+	+	+	+	+	+	+

				психологиялық ерекшеліктері. Басқару іс-әрекеттілігіндегі психологиялық ықпал жасау. Басқарушылық шешімдерді қабылдаудың психологиялық негіздері. Басқарудағы тұлғаралық қарым-қатынас.										
Ғылыми педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Шетел тілі (кәсіби)	Мақсаты: шетел тіліндегі түпнұсқалық дерек көздерді мазмұнының түрлі деңгейде қамтылуы бойынша оқудың тілдік құзыреттіліктерін жетілдіру. Мазмұны: Білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми тақырыптарда жазбаша хабарламаларды дайындау: ғылыми баяндама, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, шетел тіліндегі түпнұсқалық деректерді реферирлеу, ғылыми мәтінді аннотациялау, түйін. Аутентті жазбалардың жалпы мазмұнын түсіну. Кәсіптік ақпараттарға ие дәрістерді, хабарларды естуді қабылдау. Білім беру бағдарламасы бойынша ауызша коммуникация дағдыларын дамыту: ғылыми баяндамен сөз сөйлеу, ғылыми зерттеуді презентациялау, ғылыми талқылау, ғылыми пікірталастар, ситуациялық ойындарды қолдану.	4	v								
Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	Мақсаты: жоғары оқу орнының оқытушысын оқытудың қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану арқылы даярлаудың теоретикалық және методологиялық негіздерін қалыптастыру. Мазмұны: педагогика ғылым ретінде және оның негізгі категориялары. Педагогиканың міндеттері мен пәні. Педагогиканың тарихы мен әдіснамасы. Оқытудың интерактивті әдістері және инновациялық технологиялары. Жоғары оқу орыны оқытушысының кәсіби құзыреттіліктері. Жоғары мектептің дамуының қазіргі заманғы тенденциялары. Оқытудың кредиттік технологиясы. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру. Оқу-	4		v							

				әдістемелік материалдарды түзу. Жоғары оқу орнындағы тәрбиелік жұмыс. Білім саласындағы менеджмент.											
Оқытудың әдістемелік негіздері	КП	ЖК	Бейіндік пәндерді оқыту әдістемесі	<p>Мақсаты: бейіндік пәндерді оқытудың қазіргі заманғы әдістерімен, ерекшеліктерімен, шығармашылық потенциалмен және сыни ойлаумен танысу.</p> <p>Мазмұны: Білім берудегі компетентті және ғылыми ыңғайлар. Жекелікті, біріккен, блоктық, параорталықтық білім беру технологиясы. Білім берудің мультимедиялық технологиясы. Мәселелік жағдайларды және кейстерді іріктеу мен шешу жолымен бейіндік пәндерді оқыту. Логикалық әдістер мен тәсілдер. Сандық білім беру. On-line білім беру. Зерттеулік жұмыстарды және ғылыми ойлауды ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құжаттарды дайындау және өзектілеу.</p>	5	v	v								
Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ЖК	Педагогикалық практика	<p>Мақсаты: Жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми педагогикалық іс-әрекеттілікте оқытудың белсенді формалары мен практикалық дандыларын меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Жоғары мектептегі білім беру үрдісінің құрылымы. Жоғары білім беру ұйымын басқару жүйесін, университеттің бөлімдері мен негізгі ұйымдарының функцияларын зерделеу. Жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың негізгі теориялары, концепциялары, технологиялары. Ғылыми әдістемелік әдебиеттерді зерделеу. Жетекші оқытушылардың дәрістеріне қатысу. Сабақтарды өткізудің белсенді формаларын жасақтау, арнайы пәндерден семинар, МӨЖ сабақтарын жүргізу және оған дайындалу.</p>	4	v	v								
	БП	ТК	Философиялық	Мақсаты: дербес ғылыми жұмысты жүргізудің зерттеулік дағдыларын,	6			v	v						v

Білім және құндылықтар: өзгермелі әлемдегі трансформациялар			зерттеулердің методологиясы мен әдістемесі	<p>философия саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін зерттеу мен эксперименттеу әдістерін дамыту.</p> <p>Мазмұны:</p> <p>Ғылыми танымның даму тарихы. Философиядағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері, зерттеу үрдісінің құрылымы мен мазмұны, ғылыми зерттеу жоспарын құру: құрылымы, кезеңдері және құралдары, философиядағы зерттеу бағдарламасы мен тұжырымдамасын түзу, ғылыми әдістерді қолдану, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, ғылыми зерттеулерде деректерді жинақтау және талдау процедурасы.</p>										
Білім және құндылықтар: өзгермелі әлемдегі трансформациялар	БП	ТК	Өркениеттік әлемнің онтологиялық негіздері	<p>Мақсаты: онтологияның, өркениеттің спецификасы мен ерекшеліктерінің теоретикалық, әдістемелік аспектілерін зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Өркениеттік әлемнің онтологиялық негіздері. Әлеуметтік-тарихи болмыстың сфералары. Г.Гегельдің мән туралы философиялық ілімі. М.Хайдеггердің «Әлемнің дүниелігі», қатысудың «экзистенциалдық конституциясы» философиялық концепциясы. Қатысудың болмысы мейірімділік ретінде. Қатысудың тарихилығы және әлем-тарих жүйесі. О.Шпенглердің мәдениеттің цикликалық дамуы туралы теориясы. А.Тойнбидің евроцентристік және жаһандану тұжырымдамасы туралы. К.Ясперстің әлемдік тарих туралы, тарихтың мәні туралы философиялық концепциясы. Уақыттың рухани жағдайы. С.Хантингтон өркениеттер қақтығысы туралы.</p>	6			v	v			v	v	

Білім және құндылықтар: өзгермелі әлемдегі трансформациялар	БП	ТК	Қазіргі заманғы философия және қоғамды танудың методологиясы	<p>Мақсаты: қазіргі заманғы философияны әлеуметтік зерттеулер контекстіндегі негізгі мәселелерін тереңінен зерделеу.</p> <p>Мазмұны: қазіргі заманғы философияда таралған құрылықтық және аналитикалық дәстүрлерді, қоғамды зереттеу ыңғайлары. Адамзат қауымдастығының, әлеуметтік тәжірибелердің нормативтілігінің, әлеуметтік үрдістердің экономикалық және саяси аспектілерінің туындауын зерттеу.</p> <p>Батыс европалық философияның тарихындағы негізгі кезеңдері. Мәселелердің деректерін түсіну мен оны шешудің қазіргі заманғы түсінілуіне бағытталған проблемалық, методологиялық негіздегі тарихи философиялық материал.</p>	6			v	v		v			v
Білім және құндылықтар: өзгермелі әлемдегі трансформациялар	БП	ТК	Философия: мәдениеттер диалогы	<p>Мақсаты: мәдениет философиясын талдау мен сипаттаудың негізгі әдістері және қағидаларымен зерттеу, сыни ойлауды дамыту.</p> <p>Мазмұны: Мәдениеттегі құндылықтар мәселесі. Жалпыадамзаттық құндылықтар. Мәдениеттің адамгершілік негізделуі, шығармашылық мәдениеттің іргелі қызметі ретінде. Мәдениеттің классикалық емес философиясы. Сакралдылық және құндылықтардың менталдығы. Субстанциялардың, акциденциялардың семантикалық жылжуы. Мәдениеттанудағы семиотика және символдылық. Қазіргі заманғы қоғамдағы мәдени-діни фактор. Этикалық, моралдық және мәдени құндылықтарды талдау. А.Мюллердің мәдениет диалогы туралы теориясы. Д.Лукачтың, В.Межуевтың, Ю.Лотманның, Ж.Делездің және У.Эконың мәдениеттанулық тұжырымдары мен парадигмалары. Мәдениеттің түрлері мен типтері, адамдардың рухани өмірі сферасы. Білім беру құндылығының мәселелік түріндегі «мәдениет</p>	6					v				

				диалоғы» мектебі. Білім берудің мәдени парадигмаларының диспозиция мәселесі.										
Философия ғылымының дискурстық алаңы	БП	ТК	Философиядағы постмодернизм	<p>Мақсаты: постмодернистік ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен өткізудің негізгі қағидаларын, әдістерін, құралдарын қазіргі заманғы мәдениеттің дамуының негізгі кезеңі, постмодерндік теориялардың тұжырымдамаларын талдау ретінде зерделеу.</p> <p>Мақсаты: Постмодерндік философия контекстінде қазіргі заманғы қоғамның дамуы мәселесі. Постмодерндік теорияның онтологиялық, кеңістіктік-уақыттық трансформациясы. Постмодерннің философиялық дискурсының спецификасы. Постмодерннің әлеуметтік, мәдениеттанулық аспектілері. Мәдениет пен постмодерндік дискурстың постмодерндік шынайылықтың сыртындағы өмір жағдайларын түсіндірудің мағынасы. Өмірдің постмодерндік дискурсында қалыптасқан концептілерді анықтау. Қазіргі заманғы философияның постмодерндік кезеңіндегі терминологиялық аппарат. Философиялық ғылыми мәтіндердің логикалық лингвистикалық талдауы.</p>	5			v			v	v		
Философия ғылымының дискурстық алаңы	БП	ТК	Қазіргі заманғы антропологияның мәселелері	<p>Мақсаты: қазіргі заманғы антропологияның негізгі парадигмалық бағдарларын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі заманғы философияның антропологиялық мектептері. Антропология теориялары: К.Леви-Строс, М.Мид, Л.Морган, Малиновский. Антропологиядағы теориясы. Функционалдық және құрылымдық функционалдық. Диффузионизм және мәдени аймақтану теориялары. Диахронды, синхронды, интерактивті көзқарастар. Қазіргі заманғы батыс философиясындағы иррационалдылық, бейсаналық мәселелері: интуиция, инстинкт, ерік-жігер, либидо, сублимация, архетиптер. К.Г.Юнг қазіргі адамның жан дүниесінің</p>	5		v					v	v	

				<p>мәселесі туралы. М.Шеллердің адам болмысының өмірлік қайнар ретіндегі ұйымдастыру принциптері көзқарастары. Ж.П.Сартр шығармашылығындағы сана ерікнідік синонимі ретінде. А.Камю философиясындағы бүлікшілдік адамның өзін адам ретінде түйсінуінің болмысына үн қатуы және санасының формасы ретінде. Адамның футурологиялық шағылысы.</p>										
Философия ғылымының дискурстық алаңы	КП	ТК	Инновациялық ойлау философиясы	<p>Мақсаты: қазіргі заманғы философияның қоғам мен адам туралы ғылымдар жүйесіндегі ерекшеліктері туралы ғылыми дүниетанымның қалыптасуы.</p> <p>Мазмұны:</p> <p>Ғылым мен техниканың дамуының қазіргі заманғы деңгейлері. Гуманизм идеясы. Инновациялық ойлауды философиялық ұғынуы. Дәстүрлі қазақ ойлауы. Ойлау формалары. Абстрактілі, диалектикалық, спекулятивті, стандартты және шаблондық емес ойлау. Адамның трансгуманистік теориясы. Адамның бәсекеге қабілетті жағдайда дамуының жаңа инновациялық әдістері. Қазіргі заманғы идеологиялардың семантикалық талдауы. Қазақстанның инновациялық дамуының рухани-адамгершілік факторлары.</p>	4			v	v	v				
Философия ғылымының дискурстық алаңы	КП	ТК	Сандық гуманистика және білім	<p>Мақсаты: сандық гуманистаристиканың мәдени үрдістер контекстіндегі даму тенденцияларын тереңдетіп зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Сандық гуманистаристиканың біртұтас және сандық философияның жеке-лей алғанда дамуын анықтаушы факторларды зерттеу, XX ғасырдың соңымен XXI басындағы сандық гуманитарлық ғылымдардың дамуын талдау. Сандық философия бағдарламалық қамтудың, оқытудың, философияның классикалық мәселелерін модельдеу үшін деректерді белгілеу ретінде. Философиялық танымдағы өзекті филосо-</p>	4					v	v		v	

				тінің құндылықтық құқықтық негіздері және құқықтық мәнділігі. Азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың өзара әрекеттесуін тиімділендірудегі рухани-адамгершіліктік негіздерінің аксиологиялық мағынасы. Заңдылық пен әділдік азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың қатар өмір сүруінің іргелі аксиологиялық категориялары ретінде.										
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	БП	ТК	Қазіргі заманның өзекті мәселелерін философиялық ұғыну	Мақсаты: қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің мәнін, ролін, оның қайшылыққа келуі және шешілуі жолдарын анықтау және түсіну. Мазмұны: Жаһандық мәселелердің ұғымы және типологиясы. Жаһандық мәселелердің туындау алғышарттары. Жаһандық мәселелерді шешудің болжалды жолдары. Жаһандық мәселелердің және үрдістердің мәдени, әлеуметтік салалардағы, саясаттағы, экономикадағы тенденциялары. Қоғам мен табиғаттың тарихи өзгермелі қатынастары. Қазіргі заманғы қоғамның және оның болашағының философиялық концепциялары. Саяси либерализация және демократиялық басқару мәселелері. Адамның экожүйесі. Соғыстар, қақтығыстар және халықтардың миграциясы. И.Валлерстайн үш идеология және қазіргі заманның жалған даулары туралы. Дүниетаным және идеологиялар.	4				v				v	v
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	БП	ТК	Философиядағы креативті ойлау	Мақсаты: шығармашылық үрдісті дамыту және креативті ойлауды қалыптастырудың теоретикалық және эксперименталды негіздерін, заңдылықтарын зерттеу. Мазмұны: Шығармашылық үрдісінің мәні. Шығармашылық ойлаудың ерекшеліктері. Креативтілік үрдістің психикалық дамуының кезеңдері мен ерекшеліктері. Философиядағы креативті ойлауды дамытудың және қолдаудың әдістері.	4				v	v				

				Шығармашылықты мотивациялау табиғаты. Креативтілік концепциясы және оның генезисі. Философиядағы стандартты емес ойлаудың өзектілігі. Мәдениет, өнер және поэзия. Философиядағы ғылыми ойлау стилі. Креативті идеяларды жасау, туындату.										
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Әлеуметтік-саяси үрдістердің пәнаралық аспектілері	Мақсаты: әлеуметтік-саяси үрдістерді аналитикалық антропологиялық көзқарас арқылы зерделеудің пәнаралық аспектілерін толыққанды зерттеуді көрсету. Мазмұны: Әлеуметтік-саяси үрдістерді зерттеу үлгісінде пәнаралық ыңғайлардың негізгі аспектілері. Әлеуметтік-саяси феномендерді сипаттауды қолдануда көпшіліктік және тобыр туралы көзқарастар. Көпшілік пен тобыр ұғымдарының әлеуметтік-мәдени құбылыстармен сәйкестікте қазіргі заманғы, модерн ұғымдарымен байланыстарын зерттеу. Қазіргі заманғы және модерн терминдерін қолдану аралығын шекаралау. Экзистенциалды жобалық тәртіптегі қоғамдық іс-әрекеттілік категориялары ретіндегі саясат, саясылық ұғымдарын ерекшелеу.	6			v		v	v		v	
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Феноменологиялық әлеуметтану	Мақсаты: ғылыми зерттеу мен оқытуда феноменологиялық әлеуметтанудың негізгі әдістері мен мәселелері туралы толыққанды білімді қолдануды зерттеу. Мазмұны: Тұлғаралық қарым-қатынастың саяси және гносологиялық аспектілерінің құрылымы. Әдеттегі сана әлеуметтануының философиялық проблематикасы. Феноменологиялық әлеуметтанудың тезауруссы, монографияларды, мәтіндерді феноменологиялық әдістермен талдау. Феноменологиялық әлеуметтану өкілдерінің бағыттарын аргументациялау, мазмұны. Әдеттегі сана коммуникациясы мәселелері үлгісіндегі түрлі философиялық және әлеуметтанулық мек-	6			v					v	v

				тептердің арасындағы сабақтастық механизмдері. Феноменологиялық әлеуметтанудың қазіргі заманғы мәселелері. Феноменологиялық әлеуметтану түрлі сфералардағы тарихи динамикасы: этикалық, саяси, гноселогиялық.										
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Қазақ ақын жырауларының философиясы	Мақсаты: қоғамдағы қазақ мәдениетінің қалыптасуының тарихи үрдісінің заңдылықтарын және мемлекеттің тарихының түрлі кезеңіндегі және дәуірлердегі дамуы ерекшеліктерін тереңдетіп зерттеу. Мазмұны: Дүниенің, адамның және оның дүниедегі ролін философиялық этикалық ойлануды, қазақ фольклорының дүниетанымдық мазмұнын зерттеу. 15-18 ғасырлардағы қазақ жырауларының дүниеге көзқарасы мен танымы, оны қабылдауы. Ақын-жыраулар шығармашылығының негізгі және ондағы адамның өмірі, этикалық бейнесі туралы ой толғамдары. Адамның болмысындағы бақыт, ізгілік, игілік, ар, парыз ұғымдарының этикалық мәселелері. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары Шалкиіздің, Ақтамберді жыраудың, Доспапмбеттің, Бұқар жыраудың қоғам, қазақ елі, жері мен ұлттығы туралы толғаныстары.	5					v		v		
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Абай философия және қазіргі заман	Мақсаты: қазақтың ұлы ойшылы Абайдың философиялық мұрасының мәнін қайта бағамдауды, ұғынуды зерттеу. Абайдың «Қара сөздер» шығармасындағы философиялық дүниетанымдық мәселелер. «Адам бол» адамгершілік формуласы жоғары этикалық мән ретінде. Абайдың этикалық іліміндегі «Толық адам» жүрек сырын, қайраттын, ақылын ұғу образы. Қазақстанның қазіргі заманғы зерттеушілері Ғ.Есім, Ж.Алтаев шығармашылығындағы Әл-Фараби, Абай бейнелері. Негізгі ұғымдары: гуманизм, тұлға, бақыт,	5					v		v		

				жомарттық, надандық. Әл-Фараби, Әл-Газали, Абай шығармашылығындағы философиялық көзқарастардың сабақтастығы, үндестігі.										
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Дінтанулық зерттеулер	Мақсаты: қазіргі заманғы дінтанудың теориялары мен әдістерін және қазақстандық қоғамдағы дін мәселесін зерделеуді зерттеу. Мазмұны: Сенімнің қалыптасуы мен дамуының түрлі аспектілерін зерттеу: философиялық, социо-мәдени, психологиялық. Қазіргі заманғы социумдағы әлемдік конфессиялар. Дінтанулық пәндерді оқыту әдістемесі. Кәсіби бағалауды жүргізу үшін дінтанулық зерттеулерді жүргізу. Экспертиза жүргізу тәртібін реттеуші заңдар мен нормативтік құжаттарды жан жақты зерделеу. Экстремистік идеяларды анықтау әдістері мен құралдарын меңгеру.	6			v			v		v	
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Көшпелі өркениет құбылысын эпистемологиялық талдау	Мақсаты: номадтардың дала өркениетінің мәдени феноменін зерттеу және талдау. Номадтық жолдың онтологиясы. Мазмұны: Номадтардың көшпелі өркениетінің мәнді белгілері. Көшпелілер кеңістігі географиялық-физикалық кеңістіктің бір бөлігі ретінде. Кеңістікті экологиялық өлшеу. Көшпелі өркениет бірегей әлеуметтік жүйе және тұрақты жағдайдың тетіктері ретінде. Қоғамдық құбылыстар мен процестерді эпистемологиялық зерттеулердің эвристикалық потенциалы. Материалдарды компаративтік талдау. Феномен қозғалыс көшпелі өмір салтының негізі ретінде номадтардың ат-көшпелі өркениеті, номадтық жол, отырықшы статикалық қоғамның антиподтарын әдістемелік және теориялық зерттеулер. Қазақтардың дүниетанымы мен мәдениетіндегі номадизмнің рөлі мен орны. Философиялық, этикалық құндылықтар мен мәдениетті зерттеу	6				v	v			v	

				ұлттық бірегейлік тұлғасының құндылық бағдарларын, қазіргі заманғы ғылыми ойлау принциптерін қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі заманғы Қазақстан жастарының патриоттық санасы.										
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Қазіргі заманғы шетел философиясының тарихы	Мақсаты: қазіргі заманғы шетелдік философияның даму перспективаларын зерттеу, философия тарихының негізгі теориялық бағыттарын бөлу. Мазмұны: Философиялық компаративистика: Шығыс - Батыс, еуразиялық және батыстық. Әлемнің, қоғамның, адамның философиялық рефлексиясы. Эмпиризм мен рационализмді оқудың әр түрлі түрлері. Қазіргі заманғы модификацияларда философияның дамуы: Витгенштейн, Сартр, Гуссерль, Деррида, Ху Ши, Фэнь Юлань, Нисида Китаро, Мұхаммед Икбал. Күш қолдану емес, бейбітшілік және жаһандық проблемалар философиясы. Дүниетанымның жаңа парадигмасын, әлемді бағалауды, әлемнің адамдық өлшемін зерделеу.	5				v				v	v
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Ориентал изм	Мақсаты: ғылыми танымның заңдылықтары, оның нысандары, тарихи түрлері және бағдарлану тұжырымдамасының даму жолдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: Шығыс пен Батыстың өзара қарым-қатынасының тарихы. Саяси және экзистенциалдық құндылықтардың карама-қайшылықтары. Батыс мәдениеті өкілдерінің шығыс мәдениеттерін зерттеуінің академиялық дәстүрі. Э.Саид бағдарлаудың әдіснамалық негіздемесі. Бағдарлау түрлері. Сараптамалық сананы қалыптастыру. Шығысқа қатысты Батыстың үрдісі. Кең жалпылауларды қолдану. А - тарихшылық, Мәтіндік. Құндылықтардың дихотомиясы.	5						v		v	v

Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Теоретикалық және қолданбалы футурология	<p>Мақсаты: қазіргі заманғы футурология әдіснамасын талдау, күрделі әлеуметтік жүйелерді сипаттау, сапалы болжам жасау. Мазмұны: Футурология ішіндегі теориялық және қолданбалы бағыттарды бөлудің ғылыми әдіснамасы. Қазіргі әлемнің жоғары күрделілігі мен болжамсыздығы. Қазіргі заманғы футурологиялық таным бағыттарының өзара ықпалдасуы: болашақ туралы абстрактілі пайымдау және болжау. Ғылым мен футурологияның өзара байланысы. Ғылыми пәннің имманенттік функциясы: болжам, талдау және диагностика. Қазіргі заманғы ғылыми танымды саралау. Футурологияның әдеби нысаны және автордың ойлануы. Жобалау, стратегиялық имитациялық модельдеу, тарихтағы қайта құру, синергетика әдістері. Жаһандандудың қазіргі әлемдегі ролін философиялық тұрғыдан түсіну.</p>	5		v		v		v	
Философиялық зерттеулер әдіснамасы мен әдістемесі	КП	ТК	Техниканың философиялық мәселелері	<p>Мақсаты: техниканың философиялық проблемасы туралы, техникалық прогрестің жаңа түсінігін ғылыми тану әдістері туралы терең және жүйелі ғылыми білім беру. Мазмұны: Техника мен техникалық ғылымдарды түсінудің ерекшелігі. Ғылым философиясы мен техника философиясының арақатынасы. Классикалық математикаландырылған және эксперименталды жаратылыстанудың қалыптасуындағы техниканың ролі. Техникадағы жүйелік және кибер техникалық көзқарастарды дамыту. Техниканың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салдарын кешенді бағалау мәселелері. Қазіргі заманғы техниканы ізгілендіру мәселелері. Тұрақты даму тұжырымдамасындағы ғылыми техникалық прогресті қазіргі заманғы түсіну.</p>	5		v		v			

			Зерттеу практикасы	Отандық және шетелдік философия ғылымының соңғы теориялық және әдістемелік жетістіктерін практикалық зерттеу: ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемесі; әлемдегі және Қазақстандағы философия ғылымының даму жағдайын талдау; ғылыми ақпараттық технологияларды жетілдіру мен жаңғыртудағы ғылым мен инновацияның рөлі. Диссертация тақырыбы бойынша теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізу.	6						v			
Ғылыми-зерттеу жұмысы және қорытынды аттестация модулі/			Тағылымд амадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттың ғылыми жұмысына семестрлік зерттеулер, практикалық сабақтар, магистрлік диссертация дайындау кіреді. Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ғылыми көздерді аналитикалық шолу. Философиялық зерттеулер жүргізу әдістерін дамыту. Академиялық кезең жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Бітіруші біліктілік жұмыстарын орындау кезінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолдану. Қорытынды жасау, нәтижелерді модельдеу, өңдеу және түсіндіру.	24				v			v	v	
			Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Оқытудың таңдау мамандығына байланысты алынған құзыреттіліктерді дәлелдейтін магистратура бағдарламасының бітірушісінің қорытынды біліктілік жұмысы. Магистрлік диссертацияны қорғау мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы және кем дегенде мүшелерінің жартысы қатысқан оның ашық отырысында өткізіледі. Магистрлік жобаны қорғаудың тәртібі мен ережелері төрағамен белгіленеді.	8						v	v	v	v

5.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

Оқыту курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны				Барлық сағаттар	KZ кредиттер саны	Саны	
			МК	ЖК	ТК	МҒЗЖ	Педагогикалық	Зерттеулік практика	Қорытынды аттестация			емтихан	Сараланған сынақ
1	1	4		5	2	1				900	30	2	2
	2	3	-	1	5	4	4			900	30	4	2
2	3	3	-	-	2	3		6		600	20	2	2
	4	1	-	-	3	4				600	20	3	1
	5	2	-	-	2	12			8	600	20	1	1
Қорытынды				6	14	24	4	6	8	3600	120	12	8

6.Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау.

Оқыту стратегиялары	<p>Магистрантқа бағытталған білім беру: білім алушы оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірбиеге бағытталған білім беру: тәжірбиелік дағдыларды дамытуға бағыттылық</p>
Оқыту әдістері	<p>Дәрістерді, семинарларды, тәжірбиенің көптеген түрлерін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Инновациялық технологияларды қолдану арқылы: <ul style="list-style-type: none"> • мәселелік оқыту; • кейс-стадиялар; • топтық және креативті топтармен жұмыс жүргізу; • талқылаулар, диалогтар, интеллектуалды ойындар, олимпиадалар, викториналар; • рефлексиялар, жобалар, бенчмаркинг әдістері; • Блум таксономиясы; • презентациялар; • ақпараттық қайнар көздерді рационалды және креативті қолданумен: <ul style="list-style-type: none"> • мультимедиялық оқытушы бағдарламалар; • электрондық оқулықтар; • сандық ресурстар. <p>Магистранттардың өзіндік жұмыстарын, жеке консультацияларын ұйымдастыру.</p>
Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау	<p>Ағымдағы бақылау пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).</p> <p>Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сабақтардағы сұрау; • оқу пәні бойынша тестілеу; • бақылау жұмыстары; • өзіндік шығарамшылық жұмысты қорғау; • дискуссиялар; • тренингтер; • коллоквиумдар; • эссе жазу т.б <p>Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі.</p> <p>Аралық аттестация академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.</p> <p>Өткізу формалары:</p>

	<ul style="list-style-type: none"> • тестілеу формасындағы емтихандар; • ауызша емтихандар; • жазбаша емтихандар; • комбинирленген емтихандар; • жобаларды қорғау; • тәжірбие бойынша есептерді қабылдау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау</p>
--	---

ББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

<p>Ақпараттық ресурстық орталық</p>	<p>Ақпараттық ресурстық орталық құрылымында 6 абонмент, 16 оқу залы, 2 электронды ресурстық орталық (ЭРО) қызмет атқарады. Ақпараттық ресурстық орталықта студенттерге, оқытушыларға интернет желісіне қосылған 180 компьютерлер, 110 автоматтандырылған орындар, 6 интер белсенді тақталар, 1 бейне конференц жүйесі, 2 бейне қосарлану, 3 сканер ұсынылады. «ИРБИС-64» MSWindows негізінде ТАБЖ автономды серверге қосылған.</p> <p>Кітапханалық қор электронды каталогта белгіленіп, ол қолданулыра үшін тәуліктің 24 сағатында, on-line тәртібінде http://lib.ukgu.kz сайты арқылы қызмет көрсетеді. Мәліметтерді өзіндік генерациялаудың «Almamater», «ОҚУ ғалымы еңбектері», «Электронды архив» тақырыптық базалары құрылған http://articles.ukgu.kz/ru/ppp.</p> <p>Каталогтармен жұмыс 9 мәліметтер базасынан құралып, олар: "Кітаптар", «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «Электрондық қор», «Сирек кітаптар», «Оқырмандар», «ОҚУ басылымда», «Оңтүстік Қазақстан».</p> <p>Кітапхана web-сайты: http://lib.ukgu.kz/, халықаралық және республикалық ресурстар қол жетімді. Олар: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», «Заң», «РМЭБ», «Әдебиет», "Aknurpress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» .</p> <p>7М02211-Философия ББ дайындау университеттің бас ғимаратында, Буревестник сауықтыру орталығында өткізіледі.</p>
<p>Материалды техникалық база</p>	<p>Мекенжайы: Шымкент қаласы, Тауке хан даңғылы 5. Бас ғимарат № 1. Компьютер кабинеті № 156 – 1 интерактивті тақта, 25 компьютер. Компьютер кабинеті № 154 – 1 интерактивті тақта, 18 компьютер. Сот талқылау залы № 144 – 1 интерактивті тақта, 2 компьютер, 30 орын. Кафедра № 148.</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

7M02211 –Философия білім беру бағдарламасы

АкМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  Ұ.Б.Назарбек

ЖООКББИ директоры  Г. Елибаева